Қолдану және монтаждау бойынша төлқұжат, нұсқаулық, әрі қарай мәтін бойынша – Нұсқаулық, монтаждау, пайдалану және техникалық қызмет көрсету кезінде орындалуы тиіс қағидаттық нұсқауларды қамтиды. Сондықтан монтаждау және іске қосу алдында оларды тиісті қызмет көрсететін қызметкерлер құрамы немесе тұтынушы міндетті түрде зерделеуі тиіс. Нұсқаулық ұдайы жабдықтың пайдаланатын жерінде тұруы қажет. Тек «Қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқаулықтары» бөлімінде келтірілген қауіпсіздік техникасы жөніндегі жалпы талаптарды ғана емес, сондай-ақ басқа бөлімдерде келтірілген қауіпсіздік техникасы жөніндегі арнаулы нұсқауларды да сақтау қажет.

1.2 Бұйымдағы символдар мен жазбалардың мәні

Жабдықта тікелей түсірілген нұсқаулар, мәселен:

- айналу бағытын көрсететін меңзер,
- айдалатын ортаны беруге арналған қысымды, келте құбыр таңбасы,

міндетті түрде сақталуы және оларды кез-келген сәтте оқуға болатындай етіп сақталуы тиіс.

1.3 Қызмет көрсететін қызметкерлердің біліктілігі және оларды оқыту

Жабдықты пайдаланатын, техникалық қызмет көрсететін және бақылау тексерістерін, сондай-ақ монтаждауды орындайтын қызметкерлердің атқаратын жұмысына сәйкес біліктілігі болуы тиіс. Қызметкерлер құрамы жауап беретін және ол білуі тиіс мәселелер аясы бақылануы тиіс, сонымен бірге қазіреттерінің саласын тұтынушы нақты анықтап беруі тиіс.

1.4 Қауіпсіздік техникасы нұсқаулықтарды сақтамаудың зардаптары

Қауіпсіздік техникасы нұсқаулықтарын сақтамау адам өмірі мен денсаулығы үшін қауіпті зардаптарға соқтыруы, сонымен бірге қоршаған орта мен жабдыққа қауіп төндіруі мүмкін.

Қауіпсіздік техникасы нұсқаулықтарын сақтамау сондай-ақ залалды өтеу жөніндегі барлық кепілдеме міндеттемелерінің жойылуына әкеп соқтыруы мүмкін.

Атап айтқанда, қауіпсіздік техникасы талаптарын сақтамау, мәселен, мыналарды туғызуы мүмкін:

- жабдықтың маңызды атқарымдарының істен шығуы;
- міндеттелген техникалық қызмет көрсету және жөндеу әдістерінің жарамсыздығы;
- электр немесе механикалық факторлар әсері салдарынан қызметкерлер өмірі мен денсаулығына қатерлі жағдай.

1.5 Жұмыстарды қауіпсіздік техникасын сақтай отырып, орындау

Жұмыстарды атқару кезінде монтаждау және пайдалану жөніндегі осы нұсқаулықта келтірілген қауіпсіздік техникасы жөніндегі нұсқаулықтар, қолданылып жүрген қауіпсіздік техникасы жөніндегі ұлттық нұсқамалар, сондай-ақ тұтынушыда қолданылатын жұмыстарды атқару, жабдықтарды пайдалану, сондай-ақ қауіпсіздік техникасы жөніндегі кез-келген ішкі нұсқамалар сақталуы тиіс.

1.6 Тұтынушыға немесе қызмет көрсететін қызметкерлерге арналған қауіпсіздік техникасы туралы нұсқаулық

- Егер жабдық пайдалануда болса, ондағы бар жылжымалы буындар мен бөлшектерді бұзуға тыйым салынады.
- Электр қуатына байланысты қауіптің туындауы мүмкіндігін болдырмау қажет (аса толығырақ, мәселен, ЭЭҚ және жергілікті энергиямен жабдықтаушы кәсіпорындардың нұсқамаларын қараңыз).

1.7 Техникалық қызмет көрсету, байқаулар мен монтаждау кезінде қауіпсіздік техникасы жөніндегі нұсқаулар

Тұтынушы техникалық қызмет көрсету, бақылау тексерістері және монтаждау жөніндегі барлық жұмыстарды осы жұмыстарды атқаруға рұқсат етілген және олармен монтаждау және пайдалану жөніндегі нұсқаулықты егжей-тегжейлі зерделеу барысында жетіктікті танысқан білікті мамандамен қамтамасыз етуі тиіс.

Барлық жұмыстар міндетті түрде өшірілген жабдықта жүргізілуі тиіс. Монтаждау мен пайдалану жөніндегі нұсқаулықта сипатталған жабдықты тоқтату кезіндегі амалдар тәртібі сөзсіз сақталуы тиіс. Жұмыс аяқтала салысымен бірден барлық бөлшектелген қорғаныш және сақтандырғыш құрылғылар қайта орнатылуы тиіс.

1.8 Қосымша буындар мен бөлшектерді өздігінен қайта жабдықтау және дайындау

Құрылғыларды қайта жабдықтауға немесе түрін өзгертуге тек өндірушімен келісім бойынша рұқсат етіледі. Бұл символды сіз қауіпсіздік техникасы нұсқаулығымен қатар таба аласыз.

Фирмалық қосалқы буындар мен бөлшектер, сондай-ақ өндіруші фирма рұқсат еткен жабдықтаушы бұйымдар ғана пайдаланудың сенімділігін қамтамасыз етуі тиіс.

Басқа өндірушілердің буындары мен бөлшектерін қолдану өндірушінің осы салдардың нәтижесінде пайда болған жауапкершіліктен бас тартуына әкелуі мүмкін.

1.9 Пайдаланудың жол берілмейтін режимдері

Жеткізілетін жабдықты сенімді пайдалануға тек «Қолданылу аясы» бөліміне сәйкес функционалдық мақсатқа сәйкес қолданған жағдайда ғана кепілдік беріледі. Техникалық сипаттамаларда көрсетілген шекті рауалы мәндер барлық жағдайларда міндетті түрде сақталуы тиіс.

2. Тасымалдау және сақтау

Жабдықты тасымалдауды жабулы вагондар, жабық машиналар, әуе, өзендік немесе теңіз көлігімен жүргізу керек.

Жабдықты тасымалдау талаптары механикалық факторлар әсері жағынан 23216 МемСТ «С» тобына сәйкес келуі керек.

Оралған жабдықты тасымалдау барысында көліктік заттарға өздігінен жылжуларының алдын алу мақсатында сенімді бекітілуі керек.

Жабдықты сақтау талаптары 15150 МемСТ «С» тобына сәйкес болуы керек.

3. Құжаттағы символдар мен жазбалардың мәні



Ескертпе

Аталған нұсқауларды сақтамау адамдардың денсаулығына қауіпті жағдайларға әкеліп соғуы мүмкін.



Орындамауы жабдықтың істен шығуын, сонымен қатар оның ақауын туындататын қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқаулар.




Жабдықты қауіпсіз пайдалануды қамтамасыз ететін және жұмысты жеңілдететін ұсынымдар мен нұсқаулар.

4. Бұйым туралы жалпы мәліметтер

Атаулы құжат өндірістік желіде ұсынылған қолда бар барлық диапазондарға арналған DPI деңгей айырмасының датчиктеріне таратылады.

4.1 Фирмалық тақташа



1-сур. DPI арналған фирмалық тақташа

Айқ. Сипаттамасы

- | | |
|----|--|
| 1 | Қысым диапазоны |
| 2 | Шығу сигналы |
| 3 | Қорек кернеуі |
| 4 | Орта температурасының диапазоны |
| 5 | Қорғаныш дәрежесі |
| 6 | Қысымның м.ж. деңгей айырмасы, $P1 \geq P2$ |
| 7 | Қысымның м.ж. деңгей айырмасы, $P2 \geq P1$ |
| 8 | Жүйедегі м.ж. қысым |
| 9 | P1 айырғышы, жоғары қысым (айдау жағы) |
| 10 | P2 айырғышы, жоғары қысым (айдау жағы) |
| 11 | Қуат кернеуін қосу сым |
| 12 | GND (жерге тұйықтаушы сым) |
| 13 | Сигналды сым |
| 14 | Нарықтағы өтініш белгісі |
| 15 | Шығарушы ел |
| 16 | Орындалым нөмірі |
| 17 | Шығарылған күні [1-ші сан – шығарылған жылы, 2-ші және 3-ші сан – шығарылған аптасы] |
| 18 | Әдепкі белгі |

4.2 Әдепкі белгі

Осы әдепкі белгі Grundfos Direct Sensors™ сериялы датчиктердің барлығына жалпы болып есептеледі және тек қысым датчигіне ғана қатысты бола бермейді.

| | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
|---|-----|----------|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|-------|
| | XXX | XXX.X.X/ | X | / | / | / | / | / | / | / | / | / | / | / | / | / | / | XXXX/ |
| Өнімдер тобы | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
| Қысым датчиктері: | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
| DPD: Сандық артық қысым датчигі | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
| DPI: Өндірістік артық қысым датчигі | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
| DPS: Стандартты артық қысым датчигі | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
| LPS: Стандартты алдыңғы қысым датчигі | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
| RPD: Сандық салыстырмалы қысым датчигі | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
| RPI: Өндірістік салыстырмалы қысым датчигі | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
| RPS: Стандартты салыстырмалы қысым датчигі | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
| VFI: Құйынды шығын датчигі, өндірістік | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
| Қысымның құрамдас өлшемі: | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
| DPC: Артық қысым датчигі, құрамдас | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
| RPC: Салыстырмалы қысым датчигі, құрамдас | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
| Шығын датчигі: | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
| MFS: Стандартты көп арналы шығын датчигі | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
| VFD: Құйынды шығын датчигі, сандық | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
| VFI: Құйынды шығын датчигі, өндірістік | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
| VFS: Құйынды шығын датчигі, стандартты | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
| Ауқым | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
| Өлш. бір. | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
| Қысым: b: бар; p: фунт/шаршы дюйм - Шығын: | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
| m: м³/сағ; g: галл/мин; l: л/мин | | | | | | | | | | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | | | | |
|---|-----|---------|---|----|----|----|------|----|------|-----|----|---|-------|
| | XXX | X.X-XXX | X | /X | /X | /X | X.XX | XX | /XXX | /XX | XX | X | /XXXX |
| Буын | | | | | | | | | | | | | |
| 1: 1-буын; 2: 2-буын; 3: 3-буын және т.б. | | | | | | | | | | | | | |
| Электрлік шығыс сигналының түрі | | | | | | | | | | | | | |
| V: 0-10 В; C: 4-20 мА, 2 сым; | | | | | | | | | | | | | |
| D: 2 x 0,5 - 3,5 В; E: 2 x 0,5 - 4,5 В; F: 2 x 0-10 В; | | | | | | | | | | | | | |
| G: 4-20 мА, 3 сым; H: Genibus протоколы / RS485 (UART); | | | | | | | | | | | | | |
| I: V-bus протоколы / Ашық коллектор; | | | | | | | | | | | | | |
| J: LPS протоколы / Tx: TTL (UART), Rx: Импульстік; | | | | | | | | | | | | | |
| K: OEM протоколы / ТТЛ (ашық коллектор) (UART); | | | | | | | | | | | | | |
| L: 0,5 - 3,5 В; M: Redwolf протоколы / ТТЛ (UART); | | | | | | | | | | | | | |
| N: SQuba протоколы / TTL (UART); | | | | | | | | | | | | | |
| P: Пассивтік; Q: Өздігінен реттелетін Redwolf протоколы / ТТЛ (UART) немесе 2 x 0,5 - 3,5 В | | | | | | | | | | | | | |
| Датчик ұясы немесе кабель түрі және датчик жағындағы кабель ұясы | | | | | | | | | | | | | |
| A: Grundfos жабыны, 4 контактілі қадалы; | | | | | | | | | | | | | |
| B: FCI 90312-004LF/77138-101, экрандалмаған 4 сымды кабель; | | | | | | | | | | | | | |
| C: MPE-Gerry BL12-700, құрастырылған, экрандалмаған 4 сымды кабель; | | | | | | | | | | | | | |
| D: FCI 90312-004LF/77138-101, құрастырылған, экрандалған 4 сымды кабель; | | | | | | | | | | | | | |
| E: TE қысқышты, ойықты, бұрыштық, экрандалған 3 сымды кабель және шығыс. | | | | | | | | | | | | | |
| Экран және шығыс, GND контактісімен қосылған; | | | | | | | | | | | | | |
| I: TE қысқышты, ойықты, тік, экрандалмаған 4 сымды кабель; | | | | | | | | | | | | | |
| J: TE қысқышты, ойықты, бұрыштық, экрандалмаған 4 сымды кабель. Экран GND контактісімен қосылған; | | | | | | | | | | | | | |
| L: TE қысқышты, ойықты, бұрыштық, экрандалмаған 4 сымды кабель; | | | | | | | | | | | | | |
| M: M12x1, ойықты, бұрыштық, экрандалмаған 4 сымды кабель; | | | | | | | | | | | | | |
| N: M12x1, 4 контактілі қадалы; | | | | | | | | | | | | | |
| S: TE қысқышты жабынмен, 4 контактілі қадалы; | | | | | | | | | | | | | |
| V: Баспа тақтасының (БТ) ауданы | | | | | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | | | |
|-----|----------|---|----|----|----|------|----|------|-----|-----|---|-------|
| XXX | XXX.X.X/ | X | X/ | X/ | X/ | XX.X | XX | XXX/ | XX/ | XX/ | X | XXXX/ |
|-----|----------|---|----|----|----|------|----|------|-----|-----|---|-------|

Кабельдің ұзындығы

Метр бірлігіндегі кабель ұзындығы (1 метрден аз ұзындық нүкте алдындағы «0» таңбасынсыз көрсетіледі.

Мысал: 105 мм «.105» ретінде көрсетіледі)

Датчиктің қарсы жағындағы кабель ұясы

B: FCI 90312-004LF/77138-101;

C: СКМ 42010107/42010326, алтын жалатылған;

D: AMP 103648-3/104479-9; **E:** Molex 51004-0400/50011-8000;

F: AMP 172167-1/0-170365-1;

G: TE Val-U-Lok 794954-4/794958-2, алтын жалатылған;;

H: Phoenix SACC-M 8MS-4CON-M-0.34-SH;

J: JST XHP-4/SXH-001T-P0.6; **K:** JST ZER-04V-S/SZE-002TP0.

L: Lumberg 3510-04 K02; **N:** Lumberg 3510-04 K03;

P: Molex 43025-0400/43030-0005, 43030-001 / Cembre 1910.M16N;

Q: Molex 43025-0400/43030-0006;

R: Molex 51004-0400/50011-8000 / Cembre 1900.M12;

S: Molex 51004-0400/50011-8000 / TE 32859-1 сақиналы клеммасы;

T: TE RJ11 2044156-3, алтын жалатылған;

U: JST PHR-4/SPH-002T-P0.5S; **W:** JST XAP-04V-1/SXA-001T-P0.6; **X:** Ажыратылған;

Y: 4x TE сымды шығыс 966 066-5; **Z:** Hirose DF1E-4S-2.5C

Бекіту және қорғаныс деңгейі материалы

1-таңба: **E:** Этилен, пропилен және диендік мономер сополимері

негізіндегі каучук (EPDM); **M:** EPDM және фторкөмірсутекті

полимер (FKM); **S:** EPDM бекіткіш қалпақшасы және FKM

сақиналы бекітпесі; **V:** FKM;

2-таңба: **G:** Гельмен толтырылған

3-таңба: **2:** IP20; **4:** IP44; **5:** IP55; **6:** IP67

Материал

Бірінші таңба кіріс түтік желісін немесе артық қысым датчигінің корпусын көрсетеді, ал екінші таңба механикалық қосылыс бөлшегін көрсетеді.

B: Жез (қорғасынды); **C:** Құрама; **G:** Шойын; **L:** Құрамындағы

қорғасын мөлшері аз жез ($\leq 0,25$ % қорғасын); **Q:** (QT) құрама

салымы бар, тот баспайтын болаттан жасалған кіріс түтік; **S:** Тот

баспайтын болат

| | | | | | | | | | | |
|-----|----------|----|----|----|------|----|-----|-----|---|-------|
| XXX | /X.X-XXX | /X | /X | /X | X.XX | XX | /XX | /XX | X | /XXXX |
|-----|----------|----|----|----|------|----|-----|-----|---|-------|

Механикалық қосылыс өлшемі

01: 10 мм; **02:** 1/4"; **03:** 1/2"; **04:** 3/4"; **05:** 1"; **06:** 6 мм; **07:** 1 1/4"; **08:** 8 мм; **09:** 1 1/2"; **10:** 2"; **11:** 2 1/2"; **12:** 3"; **13:** 4"; **14:** 14,3 мм; **15:** 15 мм; **17:** 7/16"; **18:** 18 мм; **19:** 18,75 мм; **21:** 21,5 мм; **24:** 1/8"; **30:** DIN PN 25/40 DN 18/25/32, ANSI B16.5 Класс 300 - 1 1/4"; **31:** DIN PN 16/25 DN 40, ANSI B16.5 Класс 300 - 2"; **32:** DIN PN16/25 DN 50, ANSI B16.5 Класс 300 - 2"; **33:** ISO/DIN PN 25/40 DN 65; **34:** ANSI B16.5 Класс 300 - 2.5"; **35:** ISO/DIN PN 25/40 DN 80; **36:** ANSI B16.5 Класс 300 - 3"; **37:** ISO/DIN PN 16 DN 100; **38:** ANSI B16.5 Класс 300 - 4"; **51:** f1" - G 3/4; **52:** f1 1/4" - G 1; **63:** Желдету саңылауымен G 1/2; **64:** Желдету саңылауымен 15,5 мм

Механикалық қосылыс түрі

B: BSPT (ISO 7/1); **C:** Қысу; **F:** Фланец; **G:** Фланец және британдық түтіктік цилиндрлік резьба (BSPP) (ISO 228/1); **K:** Қамыт; **L:** Арнайы қамыт; **M:** NPSM; **N:** NPT; **O:** сақиналы бекітпе ойығы; **P:** BSPP (ISO 228/1); **Q:** Қосылыс гайкасына арналған; **S:** Булағыш; **T:** Түтік; **U:** UNF

Орам

1-таңба: **A:** Жиналған құрамдастар жинағы; **M:** Аралас жинақ; **P:** Қосалқы бөлшектер жинағы; **S:** Жинақ; **T:** Жинақ, 2-нұсқа; **V:** Қызметтік жинақ
2-таңба: **B:** Пластик пакет; **C:** Картон қорап; **D:** Блистер және картон қорап, Grundfos стандарты; **N:** Блистер, нейтрал ақ; **T:** Науалар және картон қорап; **W:** Блистер, Grundfos стандарты
3 - 4 таңба: **-1:** 1 дн.; **10:** 10 дн.; **20:** 20 дн.; **25:** 25 дн.; **50:** 50 дн.; **1H:** 100 дн.; **5H:** 500 дн.; **1A:** 1081 дн.

5. Орау және жылжыту

5.1 Орау

Жабдықты алған кезде, орамды және жабдықтың тасымалдау барысында орын алуы мүмкін зақымдануының бар-жоғын тексеріңіз. Орамды тастамас бұрын оның ішінде құжаттар немесе ұсақ бөлшектер қалмағанын тексеріңіз. Егер алынған жабдық сіздің тапсырысыңызға сәйкес келмесе, жабдықты жеткізушіге хабарласыңыз.

Егер жабдық тасымалдау кезінде зақымданған болса, көлік компаниясымен байланысыңыз және жабдықты жеткізушіге хабарласыңыз.

Жабдықтаушының мүмкін болатын зақымдануларды мұқият қарауға құқығы бар.

5.2 Жылжыту



Ескертпе

Қолмен жүзеге асырылатын көтеру және тиеу-түсіру жұмыстарына қатысты жергілікті нормалары мен ережелеріне шектеуді сақтау қажет.



Құрылғыны тұтыну кабелінен көтеруге рұқсат етілмейді.

6. Қолданылу аясы

DPI типіндегі Grundfos қысымы деңгей айырмасының датчигі қысым деңгей айырмасын өлшеу үшін қолданылады.



Датчикті лайықсыз қолдану (өндіруші көрсетпеген міндеттерді орындау үшін) қорғанышының бұзылуына алып келуі мүмкін.




Ескертпе

Grundfos DPI датчиктерін ATEX сәйкес жіктелген жарылысқа қауіпті аймақтарда қолдануға болмайды.

7. Қолданылу қағидаты

Датчик екі нүктедегі (P1) және (P2) қысым арасындағы айырмашылығын өлшейді. Бұл сорғының сорып алу жағындағы және айдау жағындағы ернедектер арасындағы қысымның әр түрлілігі болады.



2-сур. P1 және P2 күйімен DPI

Қысымды өлшеу Grundfos әзірлеген арнайы жабыны бар кремнийлі кристалымен жүзеге асырылады.

Датчик сигналы сыртқы контроллерге жөнелтіледі.


Датчик қоректі сыртқы контроллерден алады.

8. Құрастыру

Датчик сорғының корпусында немесе қабырғада датчикпен бірге жеткізілетін құрастыру көмегімен тікелей құрастырылады.

Сорғының ернедектеріндегі манометр бұрмасына немесе 7/16"-20 UNF капиллярлы мыс құбыршасының көмегімен жүйедегі өлшеу нүктелеріне датчикті жалғаңыз.

9. Электр жабдықты қосу



3-сур. DPI жалғанымы

DPI кабелі өзіне төрт сымды қосады:

| | | |
|---|----------------------------|-------|
| 1 | 12-30 В қорек кернеуі | Қоңыр |
| 2 | GND (жерге тұйықтаушы сым) | Сары |
| 3 | Сигналды сым | Жасыл |

4 Диагностикалық шығарылым (құрастыру кезінде кесіп алуға болады). Атаулы сымды кернеу көзіне қосуға болмайды.

TM03 2225 3905



Ескертпе





Қорек жерге тұйықталған аса төмен қауіпсіз кернеу жүйесі ЖАТК (PELV) (60335-1 МЭК МемСТ (EN 60335-1)) арқылы DPI-ге түсуі керек, мұнда GND («жер») қорғанышты жерге тұйықтаумен жалғанған. Бұдан өзге монитажды кронштейн және/немесе капиллярлы құбырша (немесе екі құбыршалар) жерге жалғануы тиіс.

9.1 Кабельді ұзарту

DPI арналған 2 жиынтығы бар кабель датчигін 30 м дейін ұзартуға болады.

Егер кабельді ұзарту қажет болатын болса, датчик пен контроллер арасындағы тиімді жалғанымға кепілдік беру үшін, төменде келтірілген нұсқауларды үнемі сақтап отыру керек. Келесі алты кезең 4-суретке жатады:

1. Әрбір кабель ұшынан 50 мм сыртқы оқшаулауды алып тастау. Сымды босата отырып, кабель ұшынан сыртқы экрандалған қабықшасын жылжыту. Әрбір сымды суретте көрсетілгендей етіп кесіп тазарту.
2. 1 термоотырғызу муфтасын Ø10 және 4 термоотырғызу муфтасын Ø3 ұзындығымен 20 мм кесу.
3. 4-суретте көрсетілгендей етіп муфта орнату. Бір түсті сымдардың ұшын дәнекерлеу.
4. Әр дәнекер ортасы бойына кішкене термоотырғызу муфтасын орнату. Аса жақсы нәтиже алу үшін және одан әрі өнеркәсіптік феннің көмегімен термоотырғызу муфталарын ортасынан қыздырып алу керек.
5. Сыртқы экрандаушы қабықшаларын жылжыту және бірін-біріне тарта отырып жалғау.
6. Үлкен термоотырғызу муфтасын жалғанымының ортасына орнату және ортасынан, одан әрі өнеркәсіптік фенмен қыздыра отырып, оның отырғызылымын жүргізу.



TM04 0571 0808

4-сур. Кабельдерді жалғау

9.2 Күшейткішті қосу

Егер кабель 30 м -ден ұзынырақ болса, сигналдың қажетті мөнін қамтамасыз ету үшін күшейткіш қажет.

Күшейткішті төмендегі кестеге сәйкес іске қосыңыз.

Fischer EN10-3



5-сур. Күшейткішті қосуға арналған электрлі сызба.

10. Пайдалануға беру

Ескертпе



Жұмыстар мамандармен жүргізіледі. Ашық ток жеткізуші бөліктері мен жерге тұйықталған металды элементтерге (құбырларға, қаңқаларға және т.б.) жанасудан сақтанған жөн.

Барлық датчиктер дайындаушы зауытта калибрлеуден өтеді және сыртқы контроллерге немесе өлшенген параметр қолданатын басқа жүйеге қосқанан кейін, баптау бойынша қосымша жұмыстар талап етпейді.

11. Пайдалану

Пайдалану талаптары 14. *Техникалық сипаттамалар* тарауында келтірілген.

12. Техникалық қызмет көрсету

Бұйым өзінің барлық қызметтік мерзімінің ішінде кезеңдік диагностиканы талап етпейді.

13. Істен шығару

Датчикті пайдаланудан шығару үшін, оны қорек кернеуінен босату керек.

14. Техникалық сипаттамалар

14.1 Электр жабдығының деректері

Датчикке арналған кернеу көзі:

PELV (тым төмен қорғанышты кернеу) 12 - 30 В DC
(60335-1 МЭК МемСТ (EN 60335-1))

Жүктеме: 24 В: м.ж. 500 Ом
16 В: м.ж. 200 Ом
12 В: м.ж. 100 Ом

Шығу сигналы, 3 тармақты: 4 - 20 мА

Қорғаныш дәрежесі: IP55

14.2 Температура

Датчик температурсы: -10 °С-ден +70 °С дейін
қысқы уақытта (м.ж. 10 мин.) 80 °С дейін

Қоршаған ортаның температурасы: -10 °С-ден +70 °С дейін

Сақтау температурасы: -40 °С-ден +80 °С дейін

14.3 Басқалары

Кабель ұзындығы: 0,9 м

2 DPI жиынтығына арналған кабельдің ұзындығы: 5 м

Ауаның м.ж. ылғалдығы: 95 %

DPI қысымының диапазоны: 0 0.6, 1.0, 1.6, 2.5, 4.0, 6.0, 10 бар

2 DPI жиынт. қысымының диапазоны: 0 1.2, 2.5, 4.0, 6.0 бар

15. Ақаулықтың алдын алу және жою

Егер датчик ақаулы болса, оны алмастырыңыз.

16. Бұйымды кәдеге жарату

Шекті күйдің негізгі өлшемдері болып табылатындар:

1. жөндеу немесе ауыстыру қарастырылмаған бір немесе бірнеше құрамдас бөліктердің істен шығуы;
2. пайдаланудың экономикалық тиімсіздігіне алып келетін жөндеуге және техникалық қызмет көрсетуге шығындардың ұлғаюы.

Аталған жабдық, сонымен қатар, тораптар мен бөлшектер экология саласында жергілікті заңнамалық талаптарға сәйкес жиналуы және кәдеге жаратылуы тиіс

17. Дайындаушы. Қызметтік мерзімі

Дайындаушы:

GRUNDFOS Holding A/S концерні,
Poul Due Jensens Vej 7, DK-8850 Bjerringbro, Дания*

* нақты дайындалу елі фирмалық тақташасында көрсетілген.

Уәкілетті дайындаушы тұлға/Импорттаушы**:

«Грундфос Истра» ЖШҚ

143581, Мәскеу облысы, Истра ауданы,
Павло-Слободское е/м., Лешково ауылы, 188-үй.

Орта Азия бойынша импорттаушы:

Грундфос Қазақстан ЖШС

Қазақстан Республикасы, 050010, Алматы қ.,
Көк-Төбе шағын ауданы, Қыз-Жібек көшесі, 7

** импорттық жабдықтарға қатысты көрсетілген.

Ресейде дайындалған жабдық үшін:

Дайындаушы:

«Грундфос Истра» ЖШҚ

143581, Мәскеу облысы, Истра ауданы,
Павло-Слободское е/м., Лешково ауылы, 188-үй.

Орта Азия бойынша импорттаушы:

Грундфос Қазақстан ЖШС

Қазақстан Республикасы, 050010, Алматы қ.,
Көк-Төбе шағын ауданы, Қыз-Жібек көшесі, 7.

Жабдықтың қызмет мерзімі 10 жылды құрайды

Техникалық өзгерістер болуы мүмкін.

RU

Датчики перепада давления DPI сертифицированы на соответствие требованиям технического регламента Таможенного союза «Электромагнитная совместимость технических средств» (ТР ТС 020/2011).

Сертификат соответствия: № TC RU C-DK.АИ30.В.02029
срок действия до 08.11.2020 г.



Выдан органом по сертификации продукции «ИВАНОВО-СЕРТИФИКАТ» ООО «Ивановский Фонд Сертификации», аттестат аккредитации № РОСС RU.0001.11АИ30 от 20.06.2014 г.,

выдан Федеральной службой по аккредитации; адрес: 153032, Российская Федерация, Ивановская обл., г. Иваново, ул. Станкостроителей, дом 1;
телефон: (4932) 23-97-48,
факс: (4932) 23-97-48.

Принадлежности, комплектующие изделия, запасные части, указанные в сертификате соответствия, являются составными частями сертифицированного изделия и должны быть использованы только совместно с ним.



KZ

DPI ұысым деңгей айырмасының датчиктері Кеден одағының «Техникалық заттардың электрлі магниттік сәйкестілігі» (ТР ТС 020/2011), техникалық регламентінің талабына сәйкестігіне сертификатталған.

Сәйкестік сертификаты:

№ ТС RU C-DK.АИ30.В.02029, жарамдылық мерзімі 08.11.2020 ж. дейін.

«Иваново Сертификаттау Қоры» ЖШҚ «ИВАНОВО-СЕРТИФИКАТ» өнімді сертификациялау бойынша органымен берілген, аккредитациялау аттестаты № РОСС RU.0001.11АИ30 20.06.2014 ж., аккредитациялау бойынша Федералды қызметімен берілген; мекен-жайы: 153032, Ресей Федерациясы, Иванов облысы, Иваново қ., Станкостроителей көш., 1 үй;

телефон: (4932) 23-97-48,

факс: (4932) 23-97-48.

Сәйкестік сертификатында көрсетілген керек-жарақтар, құрамдас құралдар, қосалқы бөлшектер сертификатталған құралдың құрамдас бөлшектері болып есептеледі және тек сәйкес пайдаланылуы керек.

Истра, 9 ноября 2015 г.

Касаткина В. В.

Руководитель отдела качества,
экологии и охраны труда
ООО Грундфос Истра, Россия
143581, Московская область,
Истринский район,
дер. Лешково, д.188

be think innovate

| |
|----------------------|
| 99047282 1116 |
| ECM: 1194223 |

The name Grundfos, the Grundfos logo, and be think innovate are registered trademarks owned by Grundfos Holding A/S or Grundfos A/S, Denmark. All rights reserved worldwide.

© Copyright Grundfos Holding A/S

www.grundfos.com

GRUNDFOS 